Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 46-47

# «ҚАЗАҚСТАН МЕТРОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫНДА «AITECS 2016» ТИПТІ ИНФУЗИОНДЫ ШПРИЦТІ СОРҒЫЛАРДЫ САЛЫСТЫРЫП ТЕКСЕРУ

***Ғабдолла А.Е.***

Өндірістің тиімділігін, өнімнің техникалық деңгейі мен сапасын көтеруде метрологияның маңызы арта түседі. Сондықтан метрологияны дамыту, метрологиялық ұйымдардың қызметін жетілдіру мәселелеріне өндіріс кәсіпорындардың, ғылыми бірлестіктер мен ғылыми-зерттеу институтының басшылары ерекше көңіл бөлуі керек. Метрологиялық қамтамасыз ету мәселелерін шешу жаңа өнім құрудың бастапқы кезеңдерінде, технологиялық процесті жасау мен енгізу кезінде көбірек тиімді болады және шығынды азайтады.

«ҚазМетрИн» РМК-да өндірістен және жөндеуден шығарылған, сырттан әкелінетін және де сақтауда және пайдаланудағы өлшем құралдарын салыстырып тексеру мақсатында бірнеше салыстырып тексеру зертханалары жұмыс істейді.

Қазіргі кезде медициналық құрал-жабдықтарды салыстырып-тексеру алға жылжып келеді. Медициналық құралдарды өндіріп және өңдеуден кейін салыстырып тексерумен айналысатын орындардың бірі «ҚазМетрИн» РМК-нің №5 салыстырып тексеру зертханасы болып табылады. №5 салыстырып тексеру зертханасы ультрадыбыстық терапия аппараттарын, тонометр, термометр, «Амплипульс» типті төменгі жиілікті электротерапевтік аппараттарды, монометрлерді, барометрлерді, мегаомметрлерді, «Поток-1» типті гальванизация аппараттарын, «AITECS 2016» типті инфузионды шприцті сорғыларды, тамызғыш дозаторларды т.б. медициналық құралдарды салыстырып –тексерумен айналысады. «AITECS 2016» типті инфузионды шприцті сорғы– клиникалық практиканың әр түрлі салаларында : хирургияда, реанимацияда, қарқынды терапияда т.б. дәрі-дәрмектердің егілуін бақылауға қолданылады. Қоғамда медициналық қызмет көрсету деңгейі ауруға қарсы алдын-ала қолданылатын шаралар, диагностика, емдеу және басқа да медициналық мақсаттарда қолданылатын медициналық техникаға тікелей байланысты.